«6D020100 Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Кошербаев Жанболат Асетовичтің «Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор: философиялық талдау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми

СЫН ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Кошербаев Жанболат Асетовичтің «Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор: философиялық талдау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының мазмұны әлеуметтік-қоғамдық ғылымдар дамуының басым бағыттарына байланысты және қазіргі заманғы Қазақстан қоғамындағы мәселелерді зерттеу арнасында маңызға ие. Полиэтникалық және көпконфессионалды Қазақстан әлеуметтік байланыстарды үйлестіруде, азаматтық қоғам ұстанымдарын орнықтыруда, қоғамдық қатынастарды модернизациялауға байланысты қойылған мәселелерді зерделеуде бұл зерттеу бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Қоғамдық келісімді орнықтырудың Қазақстанда қалыптасқан үлгісі әлемдік қауымдастықта мойындалғандығы белгілі.

Мультикультурализм шынайылық ретінде өздігінен жоғалып кететін құбылыс емес. Мысал ретінде, қазіргі Қазақстанды алуға болады. Сондықтан, (мультикультурализм) зерттеуді, сараптамалық бағалауды, терең ірек байыптауды және өзінің шынайлығы тұрғысынан бағамдауды талап етеді. Қазіргі заманғы ғаламдық және геосаяси үрдістер локальді және аймақтық атмосфераға ықпал етіп отыр. Философиялық рефлексия мультикультурализмді феномен ретінде бағалауда оның мәнін ұғынуға жетелейтіндігін негізге алған бұл жұмыс белгілі бір ғылыми деңгейде көкейкесті ахуалдардың теориялық түрде шешімдерін тапқандай болады.

«Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор: философиялық талдау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында іске асырылып жатқан «Рухани жаңғыру», «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы», «Мәңгілік Ел», «Ұлы даланың жеті қыры», ҚР Президентінің 2019 жылғы Жолдауы мазмұнындағы шарттар мен орындалуы тиіс істерді атқару кажеттігі бойынша оларға қолдау білдіреді және бұған қайшы келмейтіндігін дәйектеу артық екендігі сөзсіз.

Жұмыстағы зерттеулер нәтижесі тәжірибе мен ғылымның сұраныстарымен байланысты. Зерттеу бағдары қазіргі кездегі маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуде, әсіресе, полиэтникалық Қазақстан жағдайындағы ішкі бірлік пен ынтымақтастықты сақтауда маңызды.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациядағы ғылыми нәтиже қойылып отырған мәселе бойынша талданған, сараланған қажетті материалдарды кеңінен қолданып, түбегейлі талдау мен зерделеу барысында алынған. Бұл автордың ғылыми ұждандылығын, қортындылары мен диссертацияда ұсынылған тұжырымдардың негізделгендігін көрсетеді.

Диссертант мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.

Бірінші ғылыми нәтижеде автор мультикультурализмнің қалыптасуы мен бүгінгі таңдағы көріністерін теориялық түрде талдап көрсетіп, оның постмодернистік парадигмаға сәйкес келетін қырларын аңдай біліп, жалпы зерттеу тақырыбын ашып көрсету үшін әдіснамалық-теориялық бағдар жасап алады.

Екінші ғылыми нәтижеде философия, әлеуметтану, мәдениеттану, әлеуметтік психология, саясаттану бойынша жазылған шет елдік және отандық ғалымдардың жұмыстары зерттеу мақсаттарына қол жеткізудегі ізденіс аясында жұмыстың құрылымы мен тұтас мәтін мазмұнының тұтастығының логикасын құру зерттеу базасының әдіснамасы ретінде алынған.

Үшінші ғылыми нәтижеде мультикультурализмнің әлеуметтік құрылымдық негіздеріне үңіле отырып, ондағы негізгі ұғымдар мен тұжырымдамаларын саралап, бұл құбылыстың заманауи философиялық астараларын негіздеп берген.

Төртінші ғылыми нәтиже бойынша автор еліміздегі мультқультуралистік кеңістіктегі мәдениеттер сұхбаттастығының тарихи негіздері бар екендігі туралы айта келе, оның қазіргі заманмен сабақтасуына шолу жасап, саяси-әлеуметтік мағынасын саралап берген.

Бесінші ғылыми нәтижеде барша Қазақстан азаматтарының мультикультурализмді қолдаушы қоғамдық санаға талдау жасайды, сонымен қатар бұл құбылысқа деген сыни көзқарастарды да назардан тыс қалдырмай талдайды.

Алтыншы ғылыми нәтижеде диссертант еліміздегі саяси ұстанымдар мен болашақтағы даму стратегияларының мәдени арнасындағы жаңа үлгілерді ұсыну қажеттігіне тоқталып, өзіндік тың пайымдауларын жеткізеді.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже толықтай дәйектелген және шынайылық дәрежесі ғылыми талаптарға сай келеді. Автор қазіргі әлемдік мәдениет кеңістігіндегі оның көптүрлілігінің өзара сыйымды болуға мүмкіндігін заманауи постмодернизмнің ризома, номадология, симулякр сынды негізгі ұғымдарымен байланыстыру кезінде оның ғылыми аппараттарын оңтайлы пайдаланады.

Екінші ғылыми нәтиже мен қорытындыларының шынайылық дәрежесі жоғары. Автор бұл тұста да әлемдік деңгейдегі ойшылдардың жалпы мәдениет

дамуының үрдістері мен мультикультурализм туралы пайымдауларына сүйенеді. Өзіндік анықтамасы мен тұжырымдарын ұсынуда логикалық, бірізділік қағидаттарды басшылыққа алғандықтан, барлық теориялық ұстанымдары дәйектелген.

Үшінші ғылыми нәтиже орнықты және ғылыми ой-толғамдардың дәйектелу үлгісіне сай келеді. Өйткені, Ф. Ницше, З. Фрейд, Э. Гуссерль, М. Хайдеггер, Ж.-П. Сартр, М. Мерло-Понти, Э. Левинас, Ж. Лакан, М. Бубер, М. Бахтин сынды мультикультуралистік идеяны сараптаушылардың идеяларын негізге ала отырып, әсіресе, М. Бахтиннің ілімдеріне сілтеме жасай отырып, өзіндік ойларының ғылыми тұжырымдарын дәйектейді.

Төртінші ғылыми ғылыми нәтиженің, қорытындыларының дәйектелуі мен негізделуі ғылыми талаптарға сай келеді. «Қазіргі Қазақстандағы полиэтникалықтық және мультикультурализмнің тарихи-мәдени, әлеуметтік факторлары» мәселесін сараптау барысында тек теориялық қана емес, қойылып отырған ахуалды қазіргі қоғамдық-саяси өмірмен байланыстыра отырып, мысалдар келтіріп дәйектейді.

Бесінші ғылыми нәтиже дәстүрлі ұлттық құндылықтардың мультикультуралды Қазақстан жағдайындағы сақталуы мен өркендеуіне негізделгендіктен, автор қазіргі таңдағы ұлттық идеяның концептуалды негіздеріне және оны ұсынушы, сараптаушы, талдаушы отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді. Сондықтан бұл нәтиже де жеткілікті деңгейде дәйектелген, шынайылық дәрежесі жоғары.

Алтыншы ғылыми нәтиже дәйектелген. «Қазақстандық мультикультурализмнің жалпы келбеті және оның «Рухани жаңғыру» аясындағы даму перспективалары» мәселесін зерделеуде диссертант Г. Маркузенің, И. Раудың, К. Поппердің т.б. ойшылдардың заманауи тұрғыдан негізделген идеяларын да басшылыққа алып, өзіндік тың тұжырымдарын орнықты түрде саралайды.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа. Оның жаңалығы мультикультурализмді постмодернизммен, оның парадигмаларымен және теориялық негіздемесімен байланыстыруға ұмтылуы. Бұл идея қазіргі заманғы ғаламдық және локальді өлшемдер тұрғысынан карастырудың парадигмалық ұстанымына қайшы келмейді.

Екінші ғылыми нәтижені салыстырмалы жаңа деп бағалауға болады. Ғылыми-теориялық дискурс ретінде карастырылған мультикультурализм шет елдік және отандық ғалымдардың қазіргі мәдениетке, қоғамға, саясатқа, заманауи философияның стратегиялық мазмұнына қатысты еңбектерін талдау мен шолу жасауға сүйенуден туындайды.

Үшінші нәтиже базалық мазмұнды концептуалды түрде негіздесе де, салыстырмалы жаңа болып табылады. Философияның сұхбаттастығы бүгінгі күнге дейін өзекті және аяғына дейін шешімін таппаған мәселе болып табылады. Бұл ахуал терең, тиянақты философиялық пайымдауды талап етеді.

Диссертация авторы бұл мәселе мультикультурализм феноменінің мәнін ашуға қол жеткізеді.

Төртінші нәтижеде біздің еліміздегі мультикультурализмді зерделеуде өзінің мазмұндылығы бойынша жаңа деп есептеуге болады. Автор бұл саладағы өзекті түйткілдерді дәл таба отырып, оларға заманауи философиялық талдаулар жасайды, оның саяси, әлеуметтік, тарихи, мәдени негіздерін жеке-жеке жіктеп саралайды.

Бесінші нәтиже – жаңа, ол – Қазақстандағы көп этностар мен халықтардың мәдени-тарихи тәжірибесінің құндылықтық мазмұнын теориялық негізде жалпылаумен ұштасып жатыр. Аталған мәселеде қазіргі кездегі мультикультурализм ұстанымдарына қолдау көрсететін, толерантты қоғамды құруда платформа құру мен ашықтықты қамтамасыз ететін қазақ халқының діліндің рухани негіздеріне терең талдаулар жасайды.

Алтыншы ғылыми нәтиже – жаңа. Ізденуші қазақ этносының құндылықтарын сақтай отырып, рухани жаңғыру бағдарындағы сананың ашықтығын өрістетуді мультикультуралистік ұстанымдармен байланыстырып, еліміздің перспективті даму бағдарының үлгілерінің негіздемесін жасауға талпынады.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Бұл еңбек заман талаптары мен қазіргі қоғамдық өмірдің сұраныстарына ие болғандықтан, теориялық және тәжірибелік маңызы зор. Біріншіден, қазіргі әлемдегі мульткультуралистік ахуалдардың қайшылықты және оңды тұстарын болжамдаудағы ғылыми ізденістер үшін құнды, екіншіден, еліміздегі осындай зерттеулердің заман ыңғайы мен құбылуына қарай аталған мәселені әрі қарай зерделей түсу үшін теориялық деңгейде қажетті ақпараттар бере алады.

Үшіншіден, қоғамымыз бен еліміздің дамуының стратегиялық жоспарын әрі қарай өркендете түсуде, оның ішінде,полиэтникалық қазақстандық үлгінің тиімді тұстарын талдап, оны әлемдік деңгейде паш етуде және оны мінсіз үлгі ретінде бағалаудың қажет екендігін ұсынуда кей сәттерде өзіндік тың пікірлерімен қуатталады.

Сонымен қатар, тәжірибелік қырлары бүгінгі Қазақстан ұстанып отырған мультикультуралистік саясатты одан әрі жандандыру және ондағы түйткілді тұстарды шешу сәттеріндегі нақты тәжірибелермен келіп ұштасады. Бұл диссертация мазмұнындағы негізгі тұжырымдар құқықтық, демократиялық, зайырлы қоғам құру барысында оның идеологиялық негізін одан әрі нығайтуда азды-көпті болса да, өзіндік баламалы тұжырымдарын беруге ыңғайластырылған. Сондай-ақ, орта және жоғары оқу орындарында қоғамдық пәндер аясында қосымша оқу-әдістемелік нұсқаулық ретінде пайдалануға болатындықтан, кез-келген білім беру мекемелерінде «Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор» деп аталған арнайы курстар енгізу қажет болған жағдайда да өзінің маңыздылығын арттыра түседі.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертанттың «Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор: философиялық талдау» атты тақырыптағы жұмысының негізгі мазмұнын барынша толықтай қамтитын бірнеше мақалар жарық көріп, отандық және әлемдік ғылыми қауымдастық ортасында сынақтан өткен. Жарияланған мақалалар мазмұны қойылған талаптарға толықтай сай келеді және саны жөнінен жеткілікті. Атап айтқанда, 10 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) базасына енетін нолдік емес, импакт–факторы бар халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала, отандық, шетелдік халықаралық конференциялар басылымдарында 4 мақала және Ресей Федерациясының ВАК–қа енген журналда 2 мақала жарияланған.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Жоғарыдағы келтірілген жетістіктер мен диссертация нәтижесінің оңды болуымен катар, кейбір кемшіліктерді атап өтуімізге болады.

1. Диссертацияның 8 бетіндегі ғылыми жаңалық жоғарыдағы пункттерді басқаша форматта қайталап тұрғандай болады. Дегенмен, бұл пункттегі ғылыми жаңалық ашылған және талаптарға сай ұсынылған. Мүмкін, бұл жерде техникалық қателіктер де жіберілген шығар.

2. Ғылыми мәтін өзге ғылыми емес мәтіндерден ғалымдардың есімдері, сілтемелеріне ұқыптылықпен карау ережелерімен т.б. ерекшеленеді. Бұл диссертацияда авторлардың инициалын, есімін көрсетпестен тек фамилия бойынша ғана атау кездеседі. Мысалы 12 беттегі «Гваттари, Деррида, Делез...».

3. Постмодернизм терминдерін аудару грамматикалық логикамен және мағынасын жоғалпайтындай ерекше дәлдікті қажет етеді. 13 бетте «десаясиландыру» деген термин кездеседі. «Де» жұрнағы (префикс) еуропалық тілдерде жоққа шығару мағынасын береді. Қазақ тілі мәтінінде бұл термин ұқыпты колданыс болып табылмайды деп ойлаймын. Мүмкін, қазақ тілінде осы сөздің мағынасына сәйкесететін нұска бар шығар, дұрыстап тиянақты ойлану керек.

4. 13 бетте «Ризома» ұғымы әлеуметтік топтардың әр түрлі модификацияларда көрініс табуының заңды мүмкіндігінің негізделуі мағынасында қолданылады. «Ризома» ұғымы «заңдылықтардың» кез-келген ұстанымдарымен сыйыспайды деп ойлаймын. Сондай-ақ, «ризома» қандайда болмасын детерминацияға, заңдылықтарға, логикалық қағидаларға бағынбайды. Постмодерннің басты стратегиялық ресурстарының ерекшелігі де осында жатыр.

5. Бұл ескерту зерттеудің әдіснамалық базасын құруға байланысты. Бұл жерде тұрғыдан келу, тәсілдер, қағидалар, ғылыми әдістердің нақты құрылуы мен дифференциациялануы талап етіледі: олар коп және үтір аркылы тізбектеле береді.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Аталған кемшіліктер жұмыс туралы жағымды әсерлерге, ғылыми жаңалықтар мен ондағы нәтижелерге, жұмыстың мазмұнына кері әсерін тигізбейді. «Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор: философиялық талдау» атты тақырыптағы диссертациялық жұмыс мамандық бойынша қойылған талаптарға, диссертациялық зерттеу шарттарына толық жауап береді. Жұмыста автордың ізденімпаздығы мен еңбекқорлығы байқалып тұр, ол өзіндік ойларын тиянақта түрде бере біліп, постмодернистік мәдениет сияқты іргелі философиялық мәселелерді тереңірек талдайды және оған қатысты материалдарды толықтай түсінгендігі байқалады.

Мультикультурализм феноменін жан-жақты қарастыру диссертация тарауларындағы мәселелердің бірізділігін қамтамасыз етеді: мультикультурализмнің постмодернистік парадигма екендігі, оның теориялық негізі болатындығы, әлеуметтік-мәдени феномен ретіндегі саясатты негіздеу, «Мен», «Олар», «Біз» құрылымдарының өзара әсеріндегі мультикультурализмнің философиялық тұрғыдан негізделуі т.б.

Ендеше, Кошербаев Жанболат Асетовичтің «Мультикультурализм қазіргі заманғы Қазақстан қоғамын дамытушы фактор: философиялық талдау» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2 бөлімінің талаптарына толық сай келеді, жұмыстың авторы «6D020100 – . Философия» мамандығы бойынша PhD докторы атағын алуға лайық деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші:
Құрмангазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы

КЕҢСЕ КАНЦЕЛЯРИЯ

А. Наурзбаева